



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 2 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2010 жылғы 13 қаңтар

Қаржы нарығындағы ахуал туралы  
2009 жылдың алдын ала қорытындысы

**1. 2009 жылғы инфляция.** Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша инфляция 2009 жылы 6,2% деңгейінде қалыптасты (2008 жылы – 9,5%). Осы деңгей 2008 жылғы жаз айларында байқалған, соңғы жылдардағы инфляцияның ең жоғары деңгейінен 3,2 есе төмен. Орташа жылдық инфляция 2009 жылы 7,3% құрады (2008 жылы – 17,0%).

Инфляцияның баяулауына азық-түлік тауарлары мен ақылы қызмет көрсету бағасы өсуінің баяулауы ықпал етті, ол 2009 жылы тиісінше 3,0% және 8,4% (2008 жылы – 10,8% және 11,4%) өсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар 8,6% (5,7%) қымбаттады (1-график).


2009 жылы азық-түлік тауарларының арасында ең көп дәрежеде қант – 38,7%, алкогольсіз сусындар – 18,3%, темекі өнімдері – 16,0%, алкогольді сусындар – 11,9%, балық және теңіз өнімдері – 8,6%, ет өнімі – 5,5%, күріш – 3,5% қымбаттады. Май және тоң майлар – 11,5%, оның ішінде күнбағыс майы – 27,3%, жұмыртқа – 8,1%, жемістер мен көкөністер – 7,9%, нан өнімдері – 1,5% арзандады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында ең алдымен жуу және тазалау құралдары – 25,5%, жеке гигиена тауарлары – 20,8%, дәрі-дәрмектер – 20,0%, баспа басылымдары – 10,5%, киім және аяқ-киім – 8,5% қымбаттады. Бензин 6,7% қымбаттады, ал дизель отыны 8,7% арзандады.

Ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету 5,3% қымбаттады, оның ішінде электр энергиясы және кәріз 9,6% қымбаттады. Сонымен қатар почта қызметін көрсету бағасы – 56,4%, медициналық қызмет көрсету – 13,7%, көлік қызметі – 8,1%, оның ішінде теміржол көлігі – 34,2% өсті.

1-график

2008 және 2009 жылдардағы  
инфляция және оның құрамдас бөліктері



**2009 жылғы желтоқсандағы инфляция.** 2009 жылғы желтоқсанда инфляция 0,6% құрады (2008 жылғы желтоқсанда – 0,2%). Азық-түлік тауарларының бағасы 0,4% (өсуі

0,5%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 0,3% (төмендеуі 0,1%) және ақылы қызмет көрсету 1,1% (өсуі 0,2%) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында өткен айда неғұрлым көп дәрежеде сүт өнімдері 1,9%, жұмыртқа 1,8%, май және тоң майлар 1,6%, балық және теңіз өнімдері 1,0% қымбаттады. Бидай ұны 5,1%, күріш 2,7% арзандады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында дизель отынының бағасы 2,0%, қатты отынның бағасы 0,7%, дәрі-дәрмектердің бағасы 1,1% өсті. Бензин 3,0% арзандады.

Ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызмет көрсету үшін ақы төлеу 1,2%, оның ішінде ыстық су 4,2%, кәріз 3,7%, орталықтан жылыту 2,6% қымбаттады. Көлік қызметін көрсету 1,2%, оның ішінде теміржол көлігі қызметін көрсету тарифтері 1,9% қымбаттады. Медициналық қызмет көрсету 0,5% қымбаттады.

**2. 2009 жылғы 9 айдағы төлем балансы.** 2009 жылғы 9 айдағы ағымдағы операциялар шоты 3,9 млрд. АҚШ долл. дефицитпен қалыптасты (2008 жылғы 9 айда – профицит 6,7 млрд. АҚШ долл.).

2009 жылғы қаңтар-қыркүйекте тауарлар экспорты 2008 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 47,3% төмендей отырып, 29,9 млрд. АҚШ долл. құрады. Ресми экспорт 29,4 млрд. АҚШ долл. құрады, оның ішінде 17,6 млрд. АҚШ долл. (60% жуығы) газ бен мұнай конденсаты экспортына тиесілі (2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте 34,5 млрд. АҚШ долл.). Қара металл экспортының құны 60%, түсті металл құны 38% қысқарды. Бұл ретте газ бен мұнай конденсатын сандық жеткізу 10% ұлғайды.

Тауарлар импорты 20,8 млрд. АҚШ долл. құрады, бұл 2008 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 27% төмен. Ресми импорт 20,5 млрд. АҚШ долл. құрады (2008 жылғы 9 айда – 28,1 млрд. АҚШ долл.). Импорттың төмендеуі негізгі номенклатураның барлық тауар топтары бойынша байқалды, оның ішінде неғұрлым айтарлықтай төмендеу аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары бойынша 39% және тұтыну тауарлары бойынша 21% болды. Бұл ретте азық-түлікке жатпайтын тұтыну тауарларының жиынтық әкелінуі 22%, ал азық-түлік тауарларын әкелу 19% азайды. Тауарлар импорты құнындағы басым үлес инвестициялық тауарларға (44,4%) тиесілі, олардың импорты 9,1 млрд. АҚШ долл. құрай отырып, 17% қысқарды.

Нәтижесінде сауда операцияларының оң сальдосы 2009 жылғы 9 айда 9 млрд. АҚШ долл. астам болды (2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте 28,1 млрд. АҚШ долл. астам).

Қаржылық шот бойынша ресурстарды нетто-әкелу 6,1 млрд. АҚШ долл. болып қалыптасты. Бұл ретте Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың таза түсуі 8,9 млрд. АҚШ долл. асты, Қазақстан резиденттерінің шетелдік еншілес кәсіпорындарына инвестицияларды нетто-әкету 2,5 млрд. АҚШ долл. құрады, қорытындысында тікелей инвестициялау операциялары бойынша оң баланс 6,5 млрд. АҚШ долл. жуық құрады (2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте – 7,7 млрд. АҚШ долл.).

Банк секторының операциялары бойынша нетто-әкету 7,5 млрд. АҚШ долл. құрады (2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте – 6,2 млрд. АҚШ долл.). Бұл ретте банк жүйесінің сыртқы активтері 2009 жылғы 9 айда 212 млн. АҚШ долл. ұлғайды. Банк секторының сыртқы міндеттемелері 7,3 млрд. АҚШ долл. төмендеді, бұл резидент еместерден тартылған несиелер мен заемдар бойынша берешекті банктердің өтеуіне байланысты.

2009 жылғы қараша айының аяғында есептелген теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамы (НТАБ) индексі бәсекеге қабілеттіліктің базалық деңгейінен (2000 жылғы желтоқсан) төмен болып, 97,5% құрады.

Тұтастай алғанда 2009 жылғы қаңтар – қараша аралығында теңге ТМД елдерінің валюталар тобына қатысты нақты көрсетумен 18,7%, ал қалған елдердің валюталар тобына қатысты 22,6% арзандады. Қалған елдердің валюталарына қатысты теңгенің нақты арзандауы АҚШ долларына қатысты 17,2%, еуроға қатысты 24,0%, Ресей рубліне қатысты 19,5% болды.

**2009 жылғы қыркүйектің аяғындағы жалпы сыртқы борыш (ЖСБ).** Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 3-тоқсандағы жалпы сыртқы борышы 4,7 млрд. АҚШ долл. өсіп, оның ішінде 4 млрд. АҚШ долл. фирмааралық берешекке тиесілі, 2009 жылғы 30 қыркүйекте 111,3 млрд. АҚШ долл. құрады. Банк секторының борышы 2009 жылғы шілде – қыркүйекте 0,9 млрд. АҚШ долл. төмендеген кезде «Басқа секторлардың» борышы 5,1 млрд. АҚШ долл. өсті.

Осы өсудің басым бөлігі мемлекеттің қолдауы кезінде ірі инфрақұрылымдық және өзге жобаларды қаржыландыру үшін тартылған ұзақ мерзімді заемдарға тиесілі. Мәселен, Солтүстік Каспий бойынша, Қазақстан-Қытай газ құбыры және құбыры бойынша, сондай-ақ «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ сырттан қарыз алу бойынша жобаларды сырттан қаржыландырудың таза ағыны ғана 4,4 млрд. АҚШ долл. құрады («Басқа секторлардың» сыртқы борышының жалпы өсуінің 86%-ы).

2009 жылғы 3-тоқсанда тауарлар мен қызмет көрсету экспортының (ТҚЭ) және ЖІӨ номиналдық көлемі жалпы сыртқы борышқа қарағанда аса жоғары қарқынмен өсті. Алайда, 2008 жылғы 4-тоқсаннан бастап ЖІӨ-нің және тауарлар мен қызмет көрсету экспортының күрт құлдырауына байланысты ЖСБ-тың осы көрсеткіштердің жылдық (2008 жылғы 4-тоқсан – 2009 жылғы 3-тоқсан аралығы) көлеміне қатынасы нашарлады: 2009 жылғы 30 қыркүйекте ЖСБ/ЖІӨ қатынасы 100,8%, ал ЖСБ/ТҚЭ қатынасы 225,5% құрады (2009 жылғы 1 жартыжылдықтың аяғында тиісінше 90,9% және 182,6%).

Төлем қабілеттігінің және қайта қаржыландырудың ең төменгі тәуекеліне жол беретін фирмааралық берешекті қоспағанда, ЖСБ/ЖІӨ және ЖСБ/ТҚЭ қатынастары 2009 жылғы 30 маусымдағы 57,3%-бен және 115,2%-бен салыстырғанда 2009 жылғы 30 қыркүйекте тиісінше 61,4% және 137,5% құрады.

Сонымен бірге, сыртқы борыш құрылымында болған өзгерістер сыртқы борышқа қысқа мерзімді болашақта қызмет көрсету динамикасына оң әсер етті. Мәселен, егер 2008 жылдың аяғында қалыптасқан сыртқы борыш бойынша 2009 жылға арналған қызмет көрсету сомасы 24 млрд. АҚШ долл. көлемінде күтілсе (*17,9 млрд. АҚШ долл. – негізгі борышты өтеу, 6 млрд. АҚШ долл. – есептелетін сыйақы*), онда 2009 жылғы қыркүйектің аяғындағы борыш бойынша 2010 жылға арналған осындай бағалау, тіпті «БТА Банк» АҚ-ның және «Альянс Банк» АҚ-ның борыштарын қайта құрылымдауды қоспағанда, шамамен 16 млрд. АҚШ долл. құрайды (*10,8 млрд. АҚШ долл. – негізгі борышты өтеу, 5 млрд. АҚШ долл. – есептелетін сыйақы*).

Қорытындысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтерінің өтеуге дейін қалған мерзім бойынша қысқа мерзімді сыртқы борышқа қатынасы (алдағы 12 ай ішінде төленуі мүмкін негізгі борыш пен пайыздарды, оның ішінде талап ету бойынша міндеттемелерді қоса алғанда) жақсарды. 2009 жылғы 30 қыркүйекте осы қатынас 2009 жылғы 30 маусымдағы 64,5% қарағанда 73,4% құрады.

**3. 2009 жылғы халықаралық резервтер және ақша агрегаттары.** 2009 жылы Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 14,2%-ға 22,7 млрд. АҚШ долл. дейін өсті.

Ұлттық Банкте шетел валютасындағы екінші деңгейдегі банктердің корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың ұлғаюы және Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуі ішкі валюта нарығында валютаны сату бойынша операциялармен және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялармен бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюталық қорлар (ЕАВ) 2009 жылы 13,0% өсті. Алтынның әлемдік нарықтардағы бағасының өсуі нәтижесінде алтындағы активтер 25,0% өсті.

2009 жылы елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (24,4 млрд. АҚШ долл.) 0,5%-ға 47,6 млрд. АҚШ долл. дейін өсті. Ұлттық қордың ұлттық валютадағы активтері 2009 жылғы желтоқсанның аяғында 750 млрд. теңгені құрады («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-ның және «ҚазАгро» ҰХ АҚ-ның облигациялары).

2009 жылы ақша базасы 60,7%-ға 2451,2 млрд. теңгеге дейін кеңейді. Ақша базасы кеңеюінің негізгі себебі Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің (негізінен банктерге және мемлекеттік қаржылық емес ұйымдарға талаптардың өсуі есебінен), сол сияқты таза сыртқы активтердің өсуі болды.

Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 31,5%-ға 1962,1 млрд. теңгеге дейін кеңейді.

2009 жылғы қаңтар-қарашада ақша массасы банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің өсуі есебінен 13,2%-ға 7094,5 млрд. теңгеге дейін өсті. Банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің құрылымында 2009 жылғы қарашада 2008 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда банктердің таза сыртқы активтері де, сол сияқты Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері де ұлғайды. Банктердің таза сыртқы активтерінің өсуіне 2009 жылғы ақпанда жүргізілген теңгенің құнсыздануы нәтижесінде олардың көлемдерін қайта бағалау және банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің төмендеуі себеп болды.

2009 жылғы қаңтар-қарашада айналыстағы қолма-қол ақша 2,5%-ға 836,7 млрд. теңгеге дейін қысқарды. 2009 жылғы қарашада 2008 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда банк жүйесіндегі депозиттер 15,7%-ға 6257,9 млрд. теңгеге дейін өсті. Айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің қысқаруы аясында депозиттердің өсуіне ақша массасының құрылымындағы депозиттер үлесінің 2008 жылғы желтоқсандағы 86,3%-дан 2009 жылғы қарашада 88,2%-ға дейін ұлғаюы себеп болды.

Ақша мультипликаторы ақша массасының өсу қарқынымен салыстырғанда ақша базасының кеңею қарқынының басым болуы салдарынан 2008 жылғы желтоқсандағы 4,11-ден 2009 жылғы қарашада 2,83-ке дейін төмендеді.

**2009 жылғы желтоқсандағы халықаралық резервтер және ақша агрегаттары.** 2009 жылғы желтоқсанда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2,6%-ға 22,7 млрд. АҚШ долл. дейін төмендеді. Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің 2009 жылғы желтоқсанда төмендеуінің негізгі факторы алтынның әлемдік нарықтағы бағасының 5,8% төмендеуі нәтижесінде алтындағы активтердің 7,8% төмендеуі себепші болды.

2009 жылғы желтоқсанда ішкі валюта нарығында валютаны сатып алу және Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуі Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялармен және Ұлттық Банкте шетел валютасымен ашылған банктердің корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуімен бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюталық қорлар (ЕАВ) 2009 жылғы желтоқсанда 1,9%-ға азайды.

2009 жылғы желтоқсанда елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда (ағымдағы бағамен) Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 24,4 млрд. АҚШ долл.) 1,2%-ға төмендеді және 47,6 млрд. АҚШ долл. құрады. Ұлттық қордың ұлттық валютадағы активтері 750 млрд. теңгені құрады («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) АҚ-ның және «ҚазАгро» ҰХ АҚ-ның облигациялары).

2009 жылғы желтоқсанда ақша базасы Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің азаюы салдарынан 2,1%-ға тарылды және 2451,2 млрд. теңгені құрады.

Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 4,6%-ға 1962,1 млрд. теңгеге дейін кеңейді.

2009 жылғы қарашада ақша массасы, құрылымында Үкіметке таза талаптар айтарлықтай азайған банк жүйесінің таза ішкі активтерінің азаюы есебінен 3,0%-ға 7094,5 млрд. теңгеге дейін азайды.

2009 жылғы қарашада айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 2,0%-ға өсті және 836,7 млрд. теңгені құрады, банк жүйесіндегі депозиттер 3,6%-ға 6257,9 млрд. теңге деңгейіне дейін азайды. Депозиттердің қысқаруы аясында айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің өсуіне ақша массасының құрылымындағы депозиттер үлесінің 2009 жылғы қазандағы 88,8%-дан 2009 жылғы қарашада 88,2%-ға дейін төмендеуі себепші болды.

Ақша мультипликаторы ақша базасының тарылу қарқынымен салыстырғанда ақша массасының қарқынды төмендеуі салдарынан 2009 жылғы қазандағы 2,85-тен 2009 жылғы қарашада 2,83-ке дейін төмендеді.

**4. 2009 жылғы валюта нарығы.** 2009 жылы теңгенің орташа алынған биржалық айырбастау бағамы бір доллар үшін 147,51 теңгені құрады. Кезең аяғында биржалық бағам бір доллар үшін 148,46 теңгені құрады.

Жыл басынан бері теңге номиналдық көрсеткіште АҚШ долларына қатысты 22,9%-ға әлсіреді.

2009 жылы Қазақстан Қор биржасындағы биржалық сауда-саттық көлемі қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді есепке алғанда, 2008 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 30%-ға төмендеп, 47,0 млрд. АҚШ долл. құрады. Операциялардың барынша аз көлемі мамырда, ең жоғары көлемі ақпанда байқалды.

Биржадан тыс валюта нарығында 2009 жылы операциялардың көлемі 2008 жылғымен салыстырғанда 52,1%-ға азайды және 49,5 млрд. АҚШ долл. құрады. Операциялардың барынша аз көлемі қазанда, ең жоғары көлемі қаңтарда байқалды.

**2009 жылғы желтоқсандағы валюта нарығы.** 2009 жылғы желтоқсанда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 148,30-149,27 теңге ауқымында өзгерді. 2009 жылғы желтоқсанда теңге 0,28%-ға нығайды және айдың аяғында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 148,46 теңгені құрады.

2009 жылғы желтоқсанда ішкі валюта нарығындағы сауда-саттықтар көлемі азайды. Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі 51,9%-ға төмендеді және 3,6 млрд. АҚШ долл. құрады. Қазақстан Қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді есепке алғанда 2009 жылғы қарашамен салыстырғанда 37,4%-ға төмендеді және 3,6 млрд. АҚШ долл. құрады.

**5. 2009 жылғы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы.** 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қаржы министрлігінің айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздарының және Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының көлемі 1761,5 млрд. теңгені құрады.

Қаржы министрлігі 707,8 млрд. теңгеге мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруды жүзеге асырды, бұл 2008 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 51,7% көп.

2009 жылы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша 67 аукцион жүргізілді, оларда 6, 9, 12 айлық МЕККАМ (кірістілігі – 2,47%, 4,93% және 3,29%), 2, 3 жылдық МАОКАМ (кірістілігі – 7,43%, 7,64%), 2, 3, 4, 5 жылдық МЕОКАМ (кірістілігі – тиісінше 5,27%, 5,17%, 5,27%, 4,96%), 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 15 жылдық МЕУКАМ (кірістілігі – тиісінше 8,20%, 6,00%, 6,50%, 6,50%, 6,00%, 7,00%, 6,80% және 7,65%), 10, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19 жылдық МЕУЖКАМ (олар бойынша кірістілік тиісінше инфляция деңгейінен 0,01% жоғары) орналастырылды.

Нәтижесінде Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2009 жылы 57,9%-ға 1288,2 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

**Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары.** Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталары эмиссиясының көлемі 2009 жылы 1446,5 млрд. теңге болды, бұл 2008 жылмен салыстырғанда 2 есе аз. 2009 жылғы желтоқсанның аяғында 2008 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда айналыстағы ноталардың көлемі 51,7%-ға 473,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Ноталар бойынша тиімді кірістілік 6,29%-дан (2008 жылғы 12 айда) 3,24%-ға (2009 жылғы 12 айда) дейін азайды.

**2009 жылғы желтоқсандағы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы.** 2009 жылғы желтоқсанда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 6 аукцион болды. Оларға 6 айлық МЕККАМ (13,2 млрд. теңге), 12 айлық МЕККАМ (20,1 млрд. теңге), 3 жылдық МЕОКАМ (15 млрд. теңге), 4 жылдық МЕОКАМ

(10,3 млрд. теңге), 13 жылдық МЕУКАМ (7,1 млрд. теңге), 19 жылдық МЕУЖКАМ (13,1 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік 6 айлық МЕККАМ бойынша – 2,47%, 12 айлық МЕККАМ бойынша - 3,29%, 3 жылдық МЕОКАМ бойынша – 5,17%, 4 жылдық МЕОКАМ бойынша – 5,27%, 13 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,80%, 19 жылдық МЕУЖКАМ бойынша кірістілік инфляция деңгейінен 0,01% жоғары болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2009 жылғы желтоқсанның аяғында алдыңғы аймен салыстырғанда 3,3%-ға ұлғайып, 1288,2 млрд. теңге болды.

**Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары.** Ұлттық Банк ноталарының эмиссия көлемі 2009 жылғы желтоқсанда 2009 жылғы қарашамен салыстырғанда 29,7%-ға азайды және 167,6 млрд. теңге болды.

Қысқа мерзімді ноталардың кірістілігі 2009 жылғы қарашадағы 2,51%-дан 2009 жылғы желтоқсанда 2,23%-ға дейін төмендеді.

Айналыстағы ноталардың көлемі 2009 жылғы қарашамен салыстырғанда 2009 жылғы желтоқсанның аяғында 37,5% ұлғайып, 473,3 млрд. теңге болды.

**6. 2009 жылғы банкаралық ақша нарығы.** 2009 жылы орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 53,2%-ға азайды және баламасы 40,7 трлн. теңге болды.

Орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттердің жалпы көлемі 93,2%-ға өсіп, 16,4 трлн. теңгеге (2009 жылы орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен 40,2%) жетті. Бұл ретте орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2009 жылғы желтоқсанда 0,63%-ды (2008 жылғы желтоқсанда – 6,81%) құрады.

Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктерден тартқан депозиттерінің көлемі 2009 жылы 2,7 есе өсті және 16,3 трлн. теңгені құрады.

2009 жылы орналастырылған доллардағы депозиттердің көлемі жыл ішінде 76,5%-ға (2009 жылы орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен 39,9%) азайып, 111,9 млрд. АҚШ долларын құрады. Орналастырылған доллардағы депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2009 жылғы желтоқсанда 0,30%-ды құрады, ол 2008 жылғы желтоқсанда 0,53%-ды құрады.

Еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 66,4%-ға төмендеді және 39,8 млрд. еуроны құрады (2009 жылы орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 19,3%). Еуромен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2008 жылғы желтоқсандағы 2,20%-дан 2009 жылғы желтоқсанда 0,29%-ға дейін төмендеді.

Рубльдегі депозиттерге орналастыру көлемі аз ғана мөлшерде қалуда – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 1,0%-нан аз.

Тұтастай алғанда шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі соңғы жылы төмендеуге тұрақты үрдістің сақталғанына қарамастан жоғары болып қалуда - орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен 59,8%. Бұл ретте шетел валютасындағы депозиттердің негізгі бөлігі (58,9%) резидент емес банктерде орналастырылған.

**2009 жылғы желтоқсандағы банкаралық ақша нарығы.** 2009 жылғы желтоқсанда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2009 жылғы қарашамен салыстырғанда 10,6%-ға азайды және баламасы 3083,3 млрд. теңге болды.

Орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттердің көлемі 2009 жылғы желтоқсанда 2009 жылғы қарашамен салыстырғанда 15,9%-ға азайды және 1346,5 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен 43,7%) болды. Бұл ретте орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2009 жылғы қарашадағы 1,12%-дан 2009 жылғы желтоқсанда 0,63%-ға дейін төмендеді.

Ұлттық Банктің банктерден тартқан депозиттерінің көлемі 2009 жылғы желтоқсанда 2009 жылғы қарашамен салыстырғанда 7,1%-ға 1558,5 млрд. теңгеге дейін азайды.

2009 жылғы желтоқсанда 2009 жылғы қарашамен салыстырғанда доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі 4,2%-ға 8,3 млрд. АҚШ долл. дейін (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 40,1%-ы) өсті. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2009 жылғы қарашадағы 0,35%-дан 2009 жылғы желтоқсанда 0,30%-ға дейін төмендеді.

Еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі 2009 жылғы желтоқсанда 12,9%-ға 2,5 млрд. еуроға дейін (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 15,6%-ы) азайды. Еуромен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2009 жылғы қарашадағы 0,27%-дан 2009 жылғы желтоқсанда 0,29%-ға дейін өсті.

Рубльмен депозиттерге орналастыру көлемі шамалы қалып отыр – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 1,0%-нан аз.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі 2009 жылғы желтоқсанда орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 56,3%-на дейін артты. Бұл ретте шетел валютасындағы депозиттердің негізгі бөлігі (56,0%) резидент емес банктерге орналастырылған.

**7. 2009 жылдың 11 айындағы депозит нарығы.** Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің жалпы көлемі 2009 жылғы қаңтар-қарашада 15,7%-ға 6257,9 млрд. теңгеге дейін өсті. Бұл ретте заңды тұлғалардың депозиттері 2008 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 13,1%-ға 4451,0 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, жеке тұлғалардың депозиттері 22,7%-ға 1806,8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

2009 жылғы қаңтар-қарашада ұлттық валютадағы депозиттер 4,4%-ға, 3339,6 млрд. теңгеге дейін азайды, шетел валютасындағы депозиттер 2918,3 млрд. теңгені құрап, 52,3%-ға дейін артты. Нәтижесінде, теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 2008 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 64,6%-дан 53,4%-ға дейін төмендеді.

Халықтың банктердегі салымдары (резидент еместерді есепке алғанда) 2009 жылдың 11 айында 23,3%-ға 1849,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. 2009 жылғы қаңтар-қарашада халықтың салымдары құрылымында теңгедегі депозиттер 10,9%-ға 777,1 млрд. теңгеге дейін азайды, ал шетел валютасындағы депозиттер 70,7%-ға 1072,2 млрд. теңгеге дейін артты. Нәтижесінде, теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 2008 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 58,1%-дан 42,0%-ға дейін төмендеді.

2009 жылғы қарашада банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 4,5% (2008 жылғы желтоқсанда – 5,7%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 11,1% (11,3%) болды.

**2009 жылғы қарашадағы депозит нарығы.** Резиденттердің банк жүйесіндегі депозиттерінің жалпы көлемі 2009 жылғы қарашада 6257,9 млрд. теңгені құрап, 3,6%-ға дейін төмендеді. Заңды тұлғалардың депозиттері 4,9%-ға 4451,0 млрд. теңгеге дейін төмендеді, жеке тұлғалардың салымдары 0,1%-ға 1806,8 млрд. теңгеге дейін азайды.

2009 жылғы қарашада шетел валютасындағы депозиттер көлемі 10,5%-ға 2918,3 млрд. теңгеге дейін төмендеді, ұлттық валютадағы депозиттер 3,4%-ға, 3339,6 млрд. теңгеге дейін артты. Депозиттердің теңгедегі үлес салмағы 2009 жылғы қазанмен салыстырғанда 2009 жылғы қарашада 49,8%-дан 53,4%-ға дейін ұлғайды.

Халықтың банктердегі салымдары (резидент еместерді есепке алғанда) 2009 жылғы қарашада 0,4%-ға 1849,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Халықтың салымдары құрылымында теңгедегі депозиттер 7,0%-ға өсіп, 777,1 млрд. теңгені құрады, шетел валютасындағы депозиттер 3,8%-ға, 1072,2 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Нәтижесінде, теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 39,4%-дан 42,0%-ға дейін ұлғайды.

2009 жылғы қарашада банктік емес заңды тұлғалардың тартылған теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 4,5%-ға дейін (2009

жылғы қазанда – 4,3%), ал жеке тұлғалардың салымдары бойынша – 11, 1%-ға дейін (2009 жылғы қазанда - 7,3%) артты.

**8. 2009 жылғы 11 айдағы кредит нарығы.** Банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борыштың жалпы көлемі 2009 жылғы қаңтар-қарашада 4,9%-ға өсіп, 7822,4 млрд. теңге болды .

Ұлттық валютадағы кредиттер 2008 жылғы 11 айда 5,8%-ға төмендеп, 3920,5 млрд. теңгені құрады, ал шетел валютасындағы кредиттер 18,3%-ға 3901,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Нәтижесінде теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 2008 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 55,8%-дан 50,1%-ға дейін азайды.

Ұзақ мерзімді кредиттеудің өсу үрдісі байқалуда. Мәселен, 2009 жылғы қаңтар-қарашада орташа және ұзақ мерзімді кредиттер 11,4%-ға өсіп, 6616,2 млрд. теңгені құрады, ал қысқа мерзімді кредиттер 20,7%-ға 1206,2 млрд. теңгеге дейін азайды. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2008 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 79,6%-дан 84,6%-ға дейін ұлғайды.

Банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттері 2009 жылғы қаңтар-қарашада 12,1%-ға ұлғайып, 1760,4 млрд. теңгені құрады.

Салалық бөлуде экономиканың сауда (23,9%), құрылыс (19,6%), өнеркәсіп (9,8%) және ауылшаруашылығы (3,6%) сияқты салалары барынша белсенді кредиттелуде.

2009 жылғы қарашада банктік емес заңды тұлғаларға берілген ұлттық валютадағы кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 15,2% (2008 жылғы желтоқсанда – 16,1%), ал жеке тұлғалар бойынша 21,7% (18,8%) болды.

**2009 жылғы қарашадағы кредит нарығы.** 2009 жылғы қарашаның қорытындысы бойынша банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борыштың жалпы көлемі 1,7%-ға төмендеді және 7822,4 млрд. теңге болды.

Ұлттық валютадағы кредиттер бойынша борыштың көлемі 0,2%-ға ұлғайып, 3920,5 млрд. теңге болды, шетел валютасымен - 3,6%-ға 3901,9 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Теңгелік кредиттердің үлес салмағы 2009 жылғы қарашада 2009 жылғы қазанмен салыстырғанда 49,2%-дан 50,1%-ға дейін көтерілді.

Ұзақ мерзімді кредиттеу 1,3%-ға 6616,2 млрд. теңгеге дейін, қысқа мерзімді - 4,1%-ға 1206,2 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2009 жылғы қарашада 2009 жылғы қазанмен салыстырғанда 0,4 пайыздық тармаққа ұлғайып, 84,6% болды.

Заңды тұлғалардың кредиттері бойынша борыш сомасы 2009 жылғы қарашада 5572,0 млрд. теңге болып, 1,8%-ға, жеке тұлғалар бойынша – 1,6%-ға, 2250,3 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Нәтижесінде жеке тұлғаларға кредиттердің үлес салмағы бір айда 28,7%-дан 28,8%-ға дейін көтерілді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттік борышы 2009 жылғы қарашада 2009 жылғы қазанмен салыстырғанда 1,1%-ға 1760,4 млрд. теңгеге дейін өсті, бұл экономикаға кредиттердің жалпы көлемінен 22,5% болды.

Банктердің экономикаға кредиттері бойынша борыштың барынша елеулі сомасы сауда (жалпы көлеміндегі үлесі – 23,9%), құрылыс (19,6%), өнеркәсіп (9,8%) және ауылшаруашылығы (3,6%) сияқты салаларға тиесілі.



2009 жылғы қарашада жеке тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 20,3%-дан (2009 жылғы қазан) 21,7%-ға дейін ұлғайды, заңды тұлғалар бойынша бұрынғы деңгейде қалды – 15,2%.

**9. Қаржы нарығындағы кірістілік.** 2009 жылы қаржы нарығында теңгелік құралдар бойынша кірістіліктердің төмендеуі байқалды (1-қосымша).


Банкаралық депозиттердің Қазақстандық нарығындағы KazPrime ставкасы 2009 жыл бойы 12,01%-дан 2,74%-ға дейін күрт төмендеді. Ұлттық Банктің 7 күндік депозиттері бойынша орташа алынған ставка 2009 жылғы қаңтар – желтоқсан



аралығындағы кезеңде 5,00%-дан 0,72%-ға дейін, Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарының тиімді кірістілігі – 6,17%-дан 2,23%-ға дейін төмендеді. Қаржы министрлігінің жылдық мемлекеттік бағалы қағаздарының тиімді кірістілігі бұл ретте 7,64%-дан 3,29%-ға дейін төмендеді.



## ҚРҰБ ноталары



## Жылдық МБҚ

